«Сырдария аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» КММ, «АрхСтройКомпани» ЖШС, «Сартобе» ЖШС, өзара бірлесе отырып, ауданның әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту жөніндегі жобаларды іс жүзіне асыру туралы жасасқан

МЕМОРАНДУМЫ № 15

Қызылорда облысы, «Сырдария аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, «Сартобе» ЖШС -нің тарапынан Мырзахметов Максат Нурмаханович және «АрхСтройКомпани» ЖШС-нің тарапынан Бейсебаев Сакен Муратович әрі қарай тараптар: «**Строительство инфраструктура в районе нового поселения по улице №6 в поселке Теренозек Сырдарьинского района Кызылординской области (35 Га) – 1 территория (сети газопроводов) »** осы әлеуметтік жобаларды іс жүзіне асыру жөнінде төмендегідей келісімге келді:

1-бап

Осы Меморандумның негізгі мақсаты әлеуметтік жобаны іс жүзіне асыру.

2-бап

Осы Меморандум көлемінде бірлескен қарым-қатынастың келесі түрлері қарастырылады:
а) Әлеуметтік жобаларды іс жүзіне асыруға ықпал жасау;
ә) Жобаны іс жүзіне асыру жолдары мен түрлерін талқылауға кездесулер өткізу;
б) Қосымша тараптардың келісуімен басқа да қарым-қатынас түрлері.

3-бап

Қызылорда облысы Сырдария ауданы, «АрхСтройКомпани» ЖШС-і ауданға кажетті тиісті нысандар бойынша «Сартобе» ЖШС-і осы Меморандумға сәйкес 2023жыл көлемінде Сырдария ауданы бойынша **газ құбырларын жүргізу** мәселелері бойынша жоба-сметалық құжаттарын әзірлеп, оны жүзеге асыруды өз мойындарына алады.

4-бап

«АрхСтройКомпани» ЖШС-і осы Меморандумға сәйкес 2023жыл көлемінде Сырдария ауданы бойынша газ құбырларын жүргізу құрылысын аяқтап, «Сырдария аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі теңгерімге қабылдауды өз міндетіне алады.

Қызылорда облысы, «Сырдария аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі екінші тараптың жоба-сметалық құжаттарды әзірлеуге қажетті материалдарды, құжаттарды уақытылы, заңға сәйкес рәсімдейді.

Осы Меморандумға қол қоюшы тараптар өздерінің өкілеттігіне қарай өзара келіспеушілік туындаған мәселелерді шешуге жауапкершілікпен қарауды міндетіне алады.

5- бап

Осы Меморандум тараптардың өзара келісімі арқылы өзгерістер мен қосымшалар енгізуге болатындығын және осы меморандумның бөлінбейтін бір бөлігі болады.

6- бап

Осы Меморандум тараптардың қол қойған уақытынан бастап әлеуметтік жобаның іс жүзіне асыру мерзімі біткенге дейін күшінде болады.

Меморандум Қызылорда қаласында 2023 жылғы 13 қарашада 5 дана жасалды.
Меморандумға қол қоюшылар:

Сырдария аудандық «Сырдария аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» КММ-сі

«Сартобе» ЖШС-нің директоры
М.Мырзахметов

«АрхСтройКомпани» ЖШС-нің директоры
С.Бейсебаев